

«Алау» әскери-спорттық ойынының республикалық ақтық кезеңін өтуі туралы қорытынды ақпарат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының арасындағы 2014 жылғы 6 ақпандағы № 16 шартты орындау, сондай-ақ РМҚК «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының» жұмыс жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2014 жылғы 24-27 маусымда Щучинск қаласында «Алау» республикалық әскери-спорттық ойынының ақтық кезеңін өткізді.

Ойын жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысының сапасын арттыру, оларды Қазақстан Республикасының қарулы күштер қатарындағы қызметке дайындау, қолданбалы әскери спорт түрлерін көпшілікке тарату және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отыр.

«Алау» білім алушылардың патриоттық санасын қалыптастыруға, еліміздің тарихын құрметтеуге, әлеуметтік маңызы бар азаматтық, ұлтаралық татулық сияқты құндылықтарды дамытуға, әскери қызметтің беделін көтеру, әскери-патриоттық клубтар арасында тәжірибе алмасу арқылы өңірлердегі әскери-патриоттық тәрбие беру жұмыстарын жандандыруға және жетілдіруге, үздік әскери-патриоттық клубтардың тәжірибесін зерделеу, тарату мен енгізуге бағытталған.

Ойынның ақтық кезеңіне облыстарда, Астана және Алматы қалаларында өткізілген іріктеу турларының жеңімпаз командалары қатысты. Қатысушылардың жалпы саны – 160 адам.

«Алау» республикалық әскери-патриоттық ойынның ақтық кезеңі Ақмола облысының Щучинск қаласындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусының базасында өткізілді.

Ойынның қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды:

Жалпыкомандалық біріншіліктер

- 1 орын** - Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ростов атындағы орта мектебінің «Сұңқар» әскери - спорттық клубы
- 2 орын** – Қостанай облысы, Мендіқара ауданы, А.Шотай атындағы орта мектебінің командасы
- 3 орын** – Ақмола облысы «Намыс» әскери патриоттық клубы
- 3 орын** – Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайын ауданы, Полтавка ауылы, «Жас батыр» командасы.

Саптық дайындық байқауы

- 1 орын** – Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ростов атындағы орта мектебінің «Сұңқар» әскери - спорттық клубы

2 орын – Алматы қаласы, Ы. Алтынсарин атындағы №159 мектеп гимназиясының «Жалын» командасы

3 орын – Шығыс Қазақстан облысы №10 мектеп гимназиясының «Бірлік» әскери патриоттық клубы

Ұлы Отан соғысы кезіндегі «Ерлікке жүрекпен ұмтылу» өлеңімен патриоттық әндер қойылымы байқауы

1 орын – Жамбыл облысы, Тараз қаласының мектеп олимпиадалары мен мектептен тыс іс шаралар өткізуші облыстық орталығының командасы

2 орын – Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, №10 мектеп гимназиясының «Бірлік» әскери патриоттық клубы

3 орын – Қостанай облысы, Мендіқара ауданы, А.Шотай атындағы орта мектебінің командасы

«Атамекен» бағдарламасы бойынша өлкетану-зерттеу жұмыстарының байқауы

1 орын – Астана қаласы «Жас Бүркіт» әскери патриоттық клубы

2 орын – Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Палтавка ауылы, «Жас Батыр» командасы

3 орын – Павлодар облысының №17 жалпы білім беретін мектебінің «Жауынгер» командасы

Пневматикалық қарудан спорттық атыс

1 орын – Ақмола облысы «Намыс» әскери патриоттық клубы

2 орын – Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Палтавка ауылы, «Жас Батыр» командасы

3 орын – Атырау облысы, Б.Бегалиев атындағы орта мектебінің «Жас жауынгер» командасы

Белтемірге тартылу, бүгіліп жаттығу жасау сайысы

1 орын - Ақмола облысы, «Намыс» әскери патриоттық клубы

2 орын – Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ростов атындағы орта мектебінің «Сұңқар» әскери – спорттық клубы

3 орын – Павлодар облысы, №17 жалпы білім беретін мектебінің «Жауынгер» командасы

Кросс байқауы

1 орын – Қостанай облысы, Мендіқара ауданы, А.Шотай атындағы орта мектебінің командасы

2 орын – Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, № 205 қазақ орта мектебінің «Жас Ұлан» әскери патриоттық үйірмесі

3 орын – Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ростов атындағы орта мектебінің «Сұңқар» әскери – спорттық клубы

Жеке жүлделік орын

Пневматикалық қарудан спорттық атыс

- 1 орын** – Календерова Раиса Геннадиевна Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ростов атындағы орта мектебінің «Сұңқар» әскери – спорттық клубының мүшесі
- 2 орын** – Лыга Алена Сергеевна Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы, Палтавка ауылы, «Жас Батыр» командасының мүшесі
- 3 орын** – Балакина Ольга Сергеевна Ақмола облысы «Намыс» әскери патриоттық клубының мүшесі

Белтемірге тартылу сайысы

- 1 орын** – Биғазиев Ғасыр Әлжанұлы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, № 205 қазақ орта мектебінің «Жас Ұлан» әскери патриоттық үйірмесінің мүшесі
- 2 орын** – Дүйсенбай Айбек Сырғабекович Ақмола облысы «Намыс» әскери патриоттық клубының мүшесі
- 3 орын** – Алтыбаев Даниял Қайратович Павлодар облысы, №17 жалпы білім беретін мектебінің «Жауынгер» командасының мүшесі

Бүгіліп жаттығу жасау сайысы

- 1 орын** – Стасива Рита Владимировна Ақмола облысы «Намыс» әскери патриоттық клубының мүшесі
- 2 орын** – Календерова Раиса Геннадиевна Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ростов атындағы орта мектебінің «Сұңқар» әскери – спорттық клубының мүшесі
- 3 орын** – Ташметова Сағдиана Тахировна Жамбыл облысы, Тараз қаласының мектеп олимпиадалары мен мектептен тыс іс шаралар өткізуші облыстық орталығының командасының мүшесі

Жарыста төрешілер құрамы жұмыс жасады, олардың құрамына республикалық үйлестіру кеңесінің мүшелері, Ақмола облысы білім баққармасының бөлім жетекшісі, Кадет корпусының әскери қызметінің басшылары (әскери атақ: подполковник, капитан, аға сержант), сонымен қатар Щучинск қаласындағы № 8 мектеп-гимназиясының алғашқы әскери дайындық оқытушысы кірді.

Ұйымдастырушылар мен төрешілер құрамы Қарағанды, Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарының әскери-патриоттық клубтарының дайындықтарын жоғары деңгейде бағалап, атап өтті.